

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАСТАРДЫҢ ЖҰМЫССЫЗДЫҒЫ

Барлық елдер жоғары экономикалық өсуге және халықтың өмір сүру деңгейін арттыруға ұмтылады. Осы алғышартқа сүйене отырып, жастар үшін жоғары өмір сүру деңгейін және қолайлы әлеуметтік-экономикалық ортаны қамтамасыз етуге тырысады. Жастар экономикалық және әлеуметтік инновациялар құру үшін қуатты ресурс. Алайда, осы әлеуетті толық пайдалану үшін жастар нәтижелі жұмыспен қамтамасыз етілуі қажет [1].

Оукен Заңы бойынша жұмыссыздықтың ағымдағы деңгейі табиғи жұмыссыздық деңгейінен 1% артса, онда ол ЖҰӨ-нің 2,5 %-ға төмендеуіне әкеледі. Осы заң математикалық тұрғыдан жұмыссыздық деңгейі мен жалпы ұлттық өнім көлемінің арасындағы байланысты көрсетеді [2].

2018-2022 жылдар аралығында 15-28 жас аралығындағы жастардың жұмыссыздық деңгейі Қазақстанда 3,7-3,8% болған. Талданып отырған кезеңде Қарағанды, Қызылорда облыстарында және Астана, Алматы қалаларында жастардың жұмыссыздық деңгейі республикалық деңгейден жоғары болғанын байқаймыз (1-кесте).

1-кесте

**2018-2022 жылдар аралығындағы ҚР-дағы 15-28 жас аралығындағы жұмыссыздық деңгейі,%**

| Аймақтар                   | 2018 - жыл | 2019- жыл | 2020- жыл | 2021- жыл | 2022- жыл |
|----------------------------|------------|-----------|-----------|-----------|-----------|
| ҚР                         | 3,8        | 3,7       | 3,8       | 3,8       | 3,8       |
| Абай облысы                | -          | -         | -         | -         | 2,9       |
| Ақмола облысы              | 2,9        | 3,0       | 3,2       | 3,1       | 3,0       |
| Ақтөбе облысы              | 2,9        | 3,2       | 2,9       | 2,8       | 2,8       |
| Алматы облысы              | 2,9        | 3,0       | 3,4       | 3,4       | 3,3       |
| Атырау облысы              | 2,4        | 2,4       | 2,4       | 2,4       | 2,4       |
| Батыс Қазақстан облысы     | 3,8        | 3,8       | 3,9       | 3,9       | 4,0       |
| Жамбыл облысы              | 2,9        | 2,8       | 2,9       | 2,8       | 3,0       |
| Жетісу облысы              | -          | -         | -         | -         | 4,2       |
| Қарағанды облысы           | 4,9        | 4,8       | 5         | 4,7       | 4,5       |
| Қостанай облысы            | 3,1        | 3,3       | 3,2       | 3,0       | 2,8       |
| Қызылорда облысы           | 4,2        | 4,2       | 4,3       | 4,1       | 4,0       |
| Маңғыстау облысы           | 2,9        | 3,1       | 3,6       | 3,7       | 3,4       |
| Павлодар облысы            | 3,6        | 3,0       | 3,0       | 2,8       | 2,7       |
| Солтүстік Қазақстан облысы | 3,0        | 3,0       | 3,9       | 2,9       | 3,6       |
| Түркістан облысы           | 3,2        | 3,2       | 3,4       | 3,6       | 3,9       |
| Ұлытау облысы              | -          | -         | -         | -         | 4,3       |
| Шығыс Қазақстан облысы     | 3,8        | 3,4       | 3,2       | 3,0       | 3,9       |
| Астана қ.                  | 4,5        | 4,5       | 4,6       | 4,6       | 4,6       |
| Алматы қ.                  | 6,4        | 6,1       | 5,9       | 5,8       | 5,5       |
| Шымкент қ.                 | 4,2        | 3,9       | 3,7       | 3,7       | 3,7       |

Ескерту: [3] Әдебиеттер негізінде авторлармен құрастырылды.

Жастар – елдің болашағы, бірақ жұмыссыздық мәселесі қоғамымыздың осы маңызды бөлігін алып отырғаны анық. Жастардың жұмыссыз қалуының басты себептерінің бірі –

жұмыс тәжірибесінің жоқтығы. Жұмыс берушілер көбінесе кәсіби салада жаңадан бастағандар үшін тұйық шеңбер тудыратын нақты тәжірибені талап етеді.

2022-жылғы мәліметтер негізінде Қазақстан аймақтарын жұмыссыздар санын бойынша 3 топқа топтадық (2-кесте).

2-кесте

**Қазақстан аймақтарын жұмыссыздар саны бойынша топтастыру**

| Топтар   | Аралықтар     | Аймақтар  |
|--|---------------|---|
| 1-топ  | 1352-9243     | Абай облысы, Ақмола облысы, Ақтөбе облысы, Атырау облысы, Батыс Қазақстан облысы, Жетісу облысы, Қарағанды облысы, Қостанай облысы, Қызылорда облысы, Ұлытау облысы, Павлодар облысы, Солтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Шымкент қ |
| 2-топ  | 9243-17 134   | Алматы облысы, Жамбыл облысы, Маңғыстау облысы, Астана қ.   |
| 3-топ  | 17 134-25 025 | Түркістан облысы, Алматы қаласы.  |
| Ескерту: [3] Әдебиеттер негізінде авторлармен есептелді. |               |   |

Қазақстан аймақтарын жұмыссыздар саны бойынша топтастыру нәтижесінде 2022 жылы Түркістан облысында және Алматы қаласында жұмыссыздар саны жоғары екендігі анықталды. Ал жұмыссыздар саны ең төмен 1-ші топта көрсетілген 13 облыс және Шымкент қаласы, олардың ішінде Ұлытау облысы ең төменгі көрсеткішке ие.

Сонымен, Қазақстандағы жастардың жұмыссыздығының негізгі себептері аймақтардың дамуындағы ерекшеліктер, жастардың жұмыс тәжірибесінің болмауы, аймақтардағы жұмысшы күшіне сұраныстың әртүрлілігі және т.б.

Қазақстандағы жастардың жұмыссыздығын төмендету үшін келесі шараларды қолдану ұсынылады:

1. Жоғары оқу орындары мен кәсіпорындар арасындағы байланысты арттыру арқылы кадрларды дайындау жүйесін жетілдіру.
2. Жастарды кәсіби бағдарлау жүйесін жетілдіру.
3. Тұрақты бизнес-процестерді құру бойынша тәжірибесі бар кәсіпкерлерді оқу процесіне тарту, тәлімгерлік бағдарламаларын дамыту.
4. Жастар арасында мемлекеттік және басқа бағдарламаларды кеңінен жариялау мақсатында қолжетімді коммуникация арналарын, оның ішінде әлеуметтік желілерді пайдалану.

**Әдебиеттер**

1. Бекенова А. Факторы, влияющие на безработицу среди молодежи в Казахстане. //Международный журнал реформы и практики государственной службы. -№1. 2022г.
2. Макроэкономика : [ Электронный ресурс ] : оқулық / Дорнбуш, Р., Фишер, С. <https://institutions.com/download/books/1421-makroekonomika-dornbush-fisher.html>
3. Основные индикаторы рынка труда молодежи (в возрасте 15-28 лет) по регионам Республики Казахстан. Официальный сайт Бюро национальной статистики old.stat.gov